# Дәріс 6

# Зерттеу нәтижелерін диссертацияға рәсімдеу



PhD, доцент

Мусагалиева А.Н.

# Дәріс жоспары

- Зерттеу нәтижелерінің ғылыми мазмұны және құрылымдық ерекшеліктері
- Кестелер мен иллюстративті материалдарды рәсімдеу қағидалары
- Кеңістіктік және картографиялық материалдарды ұсыну стандарты
- Нәтижелерді академиялық стильде баяндау
- Қорытынды тұжырымдардың құрылуы және ғылыми жаңалықты рәсімдеу

## Мақсаты

Зерттеудің эмпирикалық нәтижелерін диссертация құрылымына сәйкес рәсімдеу қағидаларын ғылыми негізде қарастыру.

# Зерттеу нәтижелері: ғылыми категория ретінде

Зерттеу нәтижелері - зерттеу міндеттеріне сәйкес алынған эмпирикалық деректердің, өлшеулердің, есептеулердің, талдау нәтижелерінің жиынтығы.
Бұл бөлімде авторлық интерпретация берілмейді, тек алынған деректер жүйеленіп ұсынылады.
Нәтижелер диссертацияның ғылыми жаңалығын дәлелдейтін тәжірибелік база болып табылады.





# Нәтижелерді рәсімдеудің жалпы талаптары

•Нақты, дәлелді, қосымша түсіндіруді қажет етпейтін түрде берілуі қажет.
•Кесте, сурет, диаграмма, карта - барлығы нөмірленеді, атауы анық жазылады.
•Нәтижелер мәтін мен кестелер арасында қайталанбауы тиіс.
•Деректер бірізді өлшем бірліктерімен берілуі қажет.
•Статистикалық көрсеткіштер (орташа, медиана, σ, p-мәні) халықаралық ғылыми практикаға сәйкес рәсімделеді.

# Кестелерді рәсімдеу

Кестенің атауы үстінде: **Кесте 1 – ...**

Мәтінде сілтеме: *«(Кесте 1)»*.

Кесте мазмұны деректерді артық сөзсіз түсіндіретіндей болуы тиіс.

Өлшем бірліктері әр көрсеткіш алдында немесе баған атауында міндетті түрде беріледі.

Статистикалық деректер болған жағдайда $n$, $p$, $r$, $t$ және басқа параметрлер көрсетіледі.

# Сурет және диаграммалар

- Атауы төменде: Сурет 1 – ...
- Иллюстрациялар түсінікті, визуалды жүктемесі артық емес болуы қажет.
- Диаграммада әрбір элемент анық белгіленеді (легенда, ось атаулары).
- Уақыттық динамика сызықтық график арқылы, салыстырмалы талдау бағандық диаграмма арқылы беріледі.
- Суретке қысқаша аналитикалық сипаттама беріледі.

# Картографиялық материалдарды рәсімдеу

•Ғылыми картада міндетті түрде: масштаб, солтүстік бағыты, шартты белгілер, дереккөз және жасалған бағдарламалық құрал көрсетіледі.

•Атауы: **Сурет 5 – Зерттеу аумағының ландшафт құрылымы**

•GIS-тен алынған материалдың сапасы жоғары (300 dpi+) болуы шарт.

•Карта мәтінге аналитикалық түсініктемемен бірге беріледі: *аймақтық айырмашылықтар, кеңістіктік заңдылықтар, негізгі трендтер*.



# Нәтижелерді ғылыми тілмен баяндау

Негізгі академиялық баяндау формулалары:

«Анықталды…», «Бақыланды…», «Өлшенді…», «Тіркелді…», «Орташа мәні … құрады…»

«Аймақтар арасындағы айырмашылық…», «Трендтің өсу үрдісі байқалды…»

«Ең жоғары/ең төмен көрсеткіш…»

«Зерттеу объектісінің таралу ерекшелігі…»

Тыйым салынатын сөздер:

«Менің ойымша», «Болжамымша», «Бұл жақсы/жаман» — тек талқылау бөлімінде рұқсат.

# "Талқылау" бөлімінің ғылыми мазмұны

- Әдебиет пен түрлі авторлардың тұжырымдарымен салыстырылады.
- Нәтижелерді түсіндіретін факторлық талдау беріледі.
- Мүмкін болатын қателік көздері, зерттеудің шектеулері аталады.
- Практикалық маңызы мен қолдану салалары көрсетіледі.
- Бұл бөлім диссертацияның ғылыми салмағын анықтайтын негізгі аналитикалық бөлік.
- Алынған нәтижелердің мәні ғылыми тұрғыдан интерпретацияланады.

# Қорытынды және ғылыми жаңалық

Жұмыстың ғылыми жаңалығы айқын, дәл және қайталанбайтын түрде тұжырымдалады

Зерттеудің практикалық моделі қалыптастырылады

Зерттеу міндеттеріне нақты жауап қайтарылады

Практикалық ұсыныстар қай салада және қандай шарттарда қолданылатыны көрсету арқылы беріледі

Болашақта зерттеуді жалғастыру бағыттары қысқаша сипатталады



# Академиялық рәсімдеу талаптары

Мәтін құрылымы логикалық және жүйелі болуы тиіс.

Бірізді терминология, нақты ғылыми стиль.

Дереккөздерге сілтеме университет талаптарына сәйкес.

Әр сурет, кесте, формула толық түсініктемемен беріледі.

Плагиатқа жол берілмейді

# Бақылау сұрақтары

Зерттеу нәтижелерін ұсынуда қандай ғылыми талаптар қойылады?

Кестелер мен диаграммаларды рәсімдеудің негізгі ережелері қандай?

Картографиялық материалдар қалай рәсімделуі тиіс?

«Талқылау» бөлімінің негізгі ғылыми міндеттері қандай?

Ғылыми жаңалықты рәсімдеудің талаптарын атаңыз.











# Назарларыңызға рақмет!

Мусагалиева Айжан Ниазбековна

+7 747 387 87 85

aizhan.mussagaliyeva@kaznu.edu.kz